

## Тарбағатай ауданы Ойшілік ауылдық округінің "Шилібастау" учаскесіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ойшілік ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 26 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 27 желтоқсанда № 5-16-173 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ойшілік ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ойшілік ауылдық округі әкімінің 14.01.2020 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшысына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 20 қарашадағы № 668 ұсынысы негізінде, Ойшілік ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Мүйізді ұсақ малдарының арасынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты Тарбағатай ауданы Ойшілік ауылдық округінің "Шилібастау" учаскесіне шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ойшілік ауылдық округінің әкімі*

*С. Ығиев*